«Веренка ЖНББМ» КММ

# 2023-2024 оқу жылына арналған өзін – өзі басқару «Мектеп парламенті» ұйымының жылдық жұмыстарының есебі

**Жетекшісі:** Аманкосов А.Ж.
Мукашева В.К.

2023 – 2024 оқу жылы

## Веренка ЖНББ мектебінің өзін – өзі басқару «Мектеп парламенті» ұйымының жылдық жұмыстарының есебі

Веренка ЖНББ мектебінде білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде 2023-2024 оқу жылында «Мектеп парламенті» ұйымы құрылды.

**1.Парламент мақсаты:**

балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

**2.Парламент міндеттері:**

1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
7) қазақстандық қоғамды дамытудың накты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікірқалыптастыруға қатысу;
8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған. Парламен жоспар бойынша жұмыс жасауда.

**Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:**

Құқық және тәртіп фракциясы
Ақпарат фракциясы (мектептің баспасөз қызметі)
Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
Өзін-өзітану және бақыт фракциясы (психология)
Қамқорлық фракциясы (еріктілік)
Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық)
Дебат қозғалысының фракциясы
Экология және еңбек фракциясы

2023-2024 оқу жылының қазан айында парламен президентін қайта сайлау іс-шарасы жүргізілді.

**Мектеп парламентінің құрылымы:**
Парламент Президенті – Әсетұлы Арсен - 9 сынып

1.Құқық және тәртіп фракциясының көшбасшысы:
Мукашева Айганым – 8 сынып

2. Ақпарат және баспа фракциясының (мектептің баспасөз қызметінің көшбасшылары:
Абилкасимов Бегарыс – 9 сынып

3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясының көшбасшысы
Темірхан Ұлан – 9 сынып

4. Өзін-өзі тану фракциясының (психология) көшбасшысы
Базарбаева Асемай – 9 сынып

5. Қамқорлық фракциясының (еріктілік) көшбасшылары:
Тұрсынбаева Арайлым – 8 сынып

6. Мәдениет және өнер фракциясының көшбасшысы
Утеулиева Ақбота – 9 сынып

7. Дебат қозғалысы фракциясының көшбасшысы:
Қайпанова Ақмарал – 9 сынып

8. Экология және еңбек фракциясының көшбасшысы
Белаконь Валентин – 9 сынып

1 қыркүйек «Білім күніне» арналған безендіру жұмыстарын өзін өзі басқару ұйымының оқушылары атқарды. Әр айдың басында отырыстар өткізіліп мектеп белсенділерімен ақылдасып, өткізілетін іс шаралар талқыланады. 11 қыркүйекте «Бала құқығы - адам құққығы» тақырыбымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/Cw7XGZEoxA1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінің оқушылары мектеп парламентінің ұйымдастыруымен спорт күніне орай ұйымдастырылған «Сергіту сәті» Республикалық челленджіне қатысты.
https://www.instagram.com/reel/Cw7YBxQIJyB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қыркүйектің ішінде «Мектеп парламентінің президенті» лауазымына үміткерлерден ұсыныстар жиналып, әр үміткер өз бағдарламаларын дайындап мектептің инстограмм желісіне салды. 25 қыркүйек күні «Менің құқығым» тақырыбымен Өзін өзі басқару ұйымының мүшелерімен сайыс өтті .

«Ұстаздар күні» Мектеп белсенділері қазан айында мектебімізге бірінші сессиясына келген ресурстық орталықтың оқушыларымен үзілістерде әртүрлі ойындар ұйымдастырып достық қарым қатынасты ұстанады. Мектеп парламентінің мүшелері 25қазан Республика күніне құттықтау видеоларын дайындап интернет желілеріне салды. 21 қазан күні мектебімізде Мектеп

парламентінің президентін сайлауға арналған іс шара болды. 5-9 сынып оқушылары және мұғалімдер мен мектеп жұмысшылары мектеп президентін сайлауға белсенді қатынаса отырып үміткерлерге өз дауыстарын берді. Оқушылардың ойынша, үлкендерге көмек қолын созған, қажет кезде қастарынан табылу көніл толқытар іс. 19 қарашада оқушылардың ұйымдастыруымен «Президентпен танысу» атты кеш өтті. 24 қарашада «Құқығым бар» деген тренинг болды. Мақсаты: балалардың мүдделерін қорғау кемсітушіліктерді болдырмау ой пікірін ерркін білдіре алу қатыгездіктен құтыла алу.

1 – қазан Қарттар күніне орай ұйымдастырылған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өтті.
Қарттарға арнап ән шырқалып, көркем сөз де оқылды, күй тартылып, би де биленді. Айбынды аталар, ақ жаулықты аналар үшін ақ дастархан жайылды. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» – демекші, ата-әжелеріміз оқушыларға ізгі ниет тілектерін білдіріп, ақ батасын берді.
https://www.instagram.com/p/CydeI1ro5oX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

6 қазан күні келе жатқан Ұстаздар күніне орай «Дублер күнін» Парлмент қатысушылары басқарған. Қазанда Мұғалімдер күніне «Дублёр күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Бұл күні жоғары сынып оқушылары, ересек өмірге барынша жақындатылған шынайы жағдайда, яғни, мектептің бір күндік оқу-тәрбие үрдісін жауапкершілікпен ұйымдастырып, барлық әкімшілік жұмыстарын өз мойындарына алды. Ұлағатты ұстаздардың көңіл күйін көтеру мақсатында бір орысша және бір қазақша сыныптары ұйымдастырылып , мұғалімдер ұжымы бөліп отырғызылып төрт түрлі пән сабақтары жүргізілді. Мерекелік-концерттік бағдарлама ұйымдастырып, ұстаздарды құттықтау іс-шараларын өткізді.
https://www.instagram.com/p/Cx_OY37LFzh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

25-қазан Республика күніне арналған іс-шара жоспарын орындау мақсатында 2023 жылдың 20 қазан күні мектеп волонтерлері мен парламент мүшелері «Жылы жүрек» (зейнеткерлік жастағы жалғызбасты қарттарға көмек көрсету) акциясын ұйымдастырды. https://www.instagram.com/p/CzA6-UdlhZY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
«Қайырымдылық – қайырлы іс» мектебіміздің еріктілер тобы және мектеп парламенті ауылымыздың қарияларына ауласын тазарту жұмыстарына көмектесті.
https://www.instagram.com/p/C2PcXtsIfxg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

30 қараша күні Өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президентінің 1-отырысы өткізілді. Осындай отырыстар бір тоқсанда екі рет өткізіледі.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған Веренка ЖНББМ оқушыларының желтоқсан ардагерлерімен кездесуі.
Ұйымдастырушы: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Аманкосов А.Ж және Мукашева В.К және мектеп парламенті.
https://www.instagram.com/reel/C03-CC3o9Zd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ақпан айында Парламент алдымен Досболlike акциясы басталған еді. Бір айы бойы мектеп оқушылары акцияға белсенді түрде қатысты. Әр үзілісте Өзін өзі басқару ұйымы ойындар, сайыстар өткізіп, желіге салынған еді. Алтыншы ақпанда Досболlike «Достық қолын ұсын» акциясы аясында «Спорттағы достық» (ұлдар арасында) «Досболlike «достық қолын ұсын» акциясы аясында көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болды. Наурызда ұлттық киімді насихаттау мақсатында «Ұлттық киім-ұлттық құндылық» өткізілді. https://www.instagram.com/reel/C221A24r2gF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

ВеренкаЖНББМ-де «ДосболLike» акциясы аясында Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Бауырсақ пати» бір мақал, бір бауырсақ айдары.
https://www.instagram.com/reel/C23qkuZIJml/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы көшбасшысымен «Қайырымды жүрек!» атты Қарттар күніне арналған мектепішілік акция өткізіді. Оқушылар мектеп уақытынан кейін қарттарға көмек көрсетті. Спорт және салауат өмір салты фракциясына арналған күндерінде «Салауатты өмір салтын ұстан!» тақырыбында 1-9 сыныптарда қызықта спорттық сайыстар өткізілген еді.
https://www.instagram.com/p/C5OpfraLMGe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп еріктілер тобы және де мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ұранымен мектебіміздің волонтерлері мен «Жер Ана» клубының мүшелері ауылдың қарияларына көмек көрсетті.
https://www.instagram.com/p/C5On7tEL6jS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 наурыз алғыс айту күніне орай «Алғыс айту-адамзаттың асыл қасиеті» атты акцияда бір біріне рахмет айту тапсырмалары болды.
https://www.instagram.com/reel/C3-s9xQI1GC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп парламентінің ұйымдастырумен «Алғыс айту» күніне 8 сынып оқушыларының бейнеролигі
https://www.instagram.com/reel/C3-sp8rIqDT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп парламенті ұйымдастыруымен «8 наурыз халықаралық әйелдер күні» қарсаңында жарық өмір сыйлаған аналарымызға атты Хор «Ана»
https://www.instagram.com/reel/C4VSAE2I6Rr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебіміздің өзін – өзі басқару ұйымының ұйымдастырумен 14 наурыз көрісу күніне челлендж ұйымдастырды. Парламен фракция мүшелері ертемен оқушылар мен ұстаздарды бауырсақпен күтіп алып көрісіп, жасымен құттықтады.
https://www.instagram.com/reel/C4gbXnMLdbs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Өзін – өзі басқару ұйымының бастауымен мектебімізде 22 наурыз наурыз мерекесіне орай «Ұлттық киім» челленджіне белсене қатысты. https://www.instagram.com/reel/C4qrN6QLLvG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп еріктілер тобы және де мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ұранымен мектебіміздің волонтерлері мен «Жер Ана» клубының мүшелері ауылдың қарияларына көмек көрсетті. https://www.instagram.com/reel/C4k-eOGIURW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 Мамыр – бейбітшілік күніне орай «Ынтымақ – достық кепілі» деген тақырыбына сай мектеп қабырғасында концерт кеші өткізілді. Концертке мектептің барлық сыныбы ат салыса қатысты. https://www.instagram.com/reel/C6n1gGTo59a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп парламенті және де дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастырумен ұлттық спорт түрінен сайыстар ұйысдастырылды. https://www.instagram.com/p/C5OpfraLMGe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Тоғыз ай 9 іс-шара» жобасы аясында оқушыларымыз Домбырашылар челленджі «Адай» күйін орындады. https://www.instagram.com/reel/C5i_VCvI_IC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу мақсатында «Құстар біздің досымыз» атты акциясы өтті. Акция барысында мектеп білім алушылары құстарға үйшіктер жасап, мектеп ауласындағы ағаштарға орналастырды https://www.instagram.com/p/C6ZHrdKosxg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған іс-шара «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» тақырыбында патриоттық әндер сайысы ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/reel/C6s-b3LIO4i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Өзін-өзі басқару» ұйымының іс-шаралары өз денгейінде атқарылды.

Мектебіміздің ерікті топтары және де мектеп парламентінің қамқор фракциясының бастауымен ауылымыздың жасы үлкені қарт анамызға көмекке бардық. https://www.instagram.com/reel/C6zYSvoLbx6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**ДТЖО:** Аманкосов А.Ж.

Мукашева В.К.